ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қысқаша)

2024 жылғы 05 маусым №7119-24-00-2/6143 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.К.Нұрланов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электронды азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының "Бүркіт" мемлекеттік авиакомпаниясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – ШЖҚ РМК)

ЖАУАПКЕР:

"Almaty-electro" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі-ЖШС)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіріп алу

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының "Бүркіт" мемлекеттік авиакомпаниясы» ШЖҚ РМК жауапкер "Almaty-electro" ЖШС қатысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

"Almaty-electro" ЖШС БСН 170840025770 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

"Almaty-electro" ЖШС БСН 170840025770 мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

"Almaty-electro" ЖШС БСН 170840025770 Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының "Бүркіт" мемлекеттік авиакомпаниясы» ШЖҚ РМК БСН 000740001307 пайдасына 4 900 (төрт мың тоғыз жүз)

теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 147 (жүз қырық жеті) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы үйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.К.Нұрланов

Көшірме дұрыс:
Судья Б.К.Нұрланов

Анықтама: сот шешімі 12.07.2024 жылы заңды күшіне енді.
Судья Б.К.Нұрланов